



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

УДК 325.1 ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫҢ ПАЙДА БОЛУ ФАКТОРЛАРЫ

Даулетова Аяулым Маратқызы

aika.01.94@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультетінің 5В090500-Әлеуметтік
жұмыс мамандығының 2 курс студенті Астана қаласы, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Капин Батина

Бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі-дүниежүзілік дағдарыстың әсерінен елімізде жұмыссыздық деңгейінің өсуі болып отыр. Жаһандық қаржы дағдарысы көптеген тұрғындарымыздың арасында жұмыссыздық санының артуына, нәтижесінде халықтың материалдық жағдайының біршама төмендеуіне әкеліп соғып отыр.

Бұл мәселені шешуде ҚР президенті Н.Назарбаевтың «Жол картасы» бағдарламасы шеңберінде бюджеттен қыруар қаржы бөлініп, еңбек рыногын тұрақтандыруда жаңа жұмыс орындарын ашып, жаңа кәсіби мамандықтар бойынша мамандар дайындап, басқа да қоғамдық жұмыстарға тартуды дұрыс ұйымдастыруды ұсынып отыр. Оған басты себеп жұмыссыздықтың кең етек алуы кедейшілік тауқыметін туындае қауіпі бар. Әлемдік тәжірибе мынаны айғақтайды, ел неғұрлым кедейлене түссе (халық та), соғұрлым оның медицина жағынан мүмкіндіктері азаяды, соған сәйкес денсаулық сақтауға жұмсалатын шығындардың жиынтық көлеміндегі жеке шығындардың үлесі жоғарылайды. Жүргізілген халықаралық салыстырулар елдің экономикалық даму деңгейі мен халыққа тегін медициналық қызмет көрсетуге қатысты мемлекеттік міндеттемелер шарасы арасында өзара тығыз байланыстың бар екендігі туралы айтады.

Сонымен қатар, кез келген жұмыссыздықтың болуы — қоғам үшін ең ауыр экономикалық және әлеуметтік сілкініс. Батыс ғалымдарының пікірі бойынша, адамды жұмыссыз деп есептегенде, ол тек жұмыстан айырылып қана қоймай, өзінің абыройын да жоғалтады. Шетелде жұмыстан айырылуды психологиялық зақым ретінде бағалап, тек ең жақын туысқаны қайтыс болғанда алатын стресс деңгейінде қаралады. Ал біздің елімізде жұмыссыздық деген терминге арнайы ғылыми, заңмен бекітілген анықтамасы бар.

Жұмыссыздық дегеніміз – әлеуметтік–экономикалық құбылыс, осы құбылыс кезінде елдің экономикалық белсенді халқының бір бөлігі біршама уақыт не тұрақты жұмыссыз немесе жалақысыз болады. Жұмыссыздықтың түрлері олардың пайда болу себептеріне қарай өзгешеленеді: Уақытша жұмыссыздық жұмыспен қамтылғандардың өз ынталары бойынша жұмысты ауыстырумен байланысты, осындай жұмыстағылар өздеріне ыңғайлырақ жұмысты өз еріктерімен іздейді. Мұндай жұмыссыздық әрқашан және барлық жерде болады. Құрылымдық жұмыссыздық ғылыми – техникалық прогрестің, өнеркәсіптің жаңа салаларының ашылуларының ықпалымен өндіріс құрылымының өзгеруінен туындайды. Осындай жағдайға байланысты жұмыс күшіне ұсыныс пен сұраныс арасындағы сәйкессіздік пайда болады. Кезеңдік жұмыссыздық өндірістің құлдырауы, экономикалық дағдарыстар кезінде, кәсіпорындар жаппай күйзеліске ұшырайтын, жұмыспен қамтылғандар саны көптеп қысқаратын жағдайларда пайда болады. Соңғы жылдары жұмыссыздық халықтың қалың топтарын қамтуда және барған сайын ұлғайып келеді[1]. Жұмыспен қамтылмау өндірістің тиімділігін арттыруы, сонымен бірге жұмысшы күшінің бір бөлігін жұмыстан босатуға мүмкіндік жасайтын немесе оның құрылымына, сапасына жаңа талаптар қоятын ғылыми – техникалық прогрестің салдары болуы мүмкін. Нарықтың экономикада жұмыссыздық дағдарыстар кезінде көбейеді. Нарық жоқ жағдайда жұмыссыздықтың көбею себебі мемлекеттің өндіргіш күштерді орналыстырудағы бұрыс құрылымдық саясаты болуы мүмкін[2].

Жұмыссыздық негізгі себептері:

- Неоклассикалық теория. Жұмысшылардың табыспен келіспеуі, төмен жалақымен жұмыс істеуден бас тарту.

- Кейнстік теория. Жұмысбастылық жиынтық ұсынысқа, тұтыну бейімділігіне және инвестициялар көлеміне байланысты.
- Маркстік теория. Қорланған капиталдың қажетті нәтижесінде, жанды еңбекте машина мен жабдықтарға қарағанда аз өседі[2].

Жұмыссыздықтың түрлері:

1. Жасырын жұмыссыздық - өндірісте және мемлекеттік аппаратта артық жұмысшылардың қолданылуы. Қазіргі болмыста олардың жұмыстарын аз жұмыс күшімен атқаруға болады.

2. Фрикциондық жұмыссыздық — адамдар бір жұмыстан басқа жұмысқа, бір жерден басқа жерге жұмыс ізденумен ауысуын айтамыз. Яғни, адамдардың қысқа мерзімде жұмыссыз болып табылса, тұрғылықты жерін өзгертсе, жалақысы көп жұмысқа орналасу кезінде орын алатын жұмыссыздық.

3. Маусымдық жұмыссыздық — жұмыс күшінің тек маусымдық кезеңде жұмыс жасауы; бұл кейбір ауыл шаурашылығы өндірісі саласында кездеседі, әсіресе қайта өңдеу өнеркәсібінде т.б. Яғни, адамдардың жылдың тек бір мезгілінде ғана тартылатын жұмыс түрлерімен, мысалы, қысқы мезгілінде жұмыс істемей, жазда жұмыс істейтін адамдар тобын айтамыз.

4. Құрылымдық жұмыссыздық — өндірістік қуаттың жетіспеуінің нәтижесінде болады: жеке саланың дамуының кері пропорционалды болуынан және ескі саланы жабу мен жаңа саланы дамытудың нәтижесі ретінде қараймыз. Оған мысал ретінде, адамның бос жұмыс орнына сәйкес қажетті біліктілік, білімі жоқ болғандықтан жұмыс таба алмай жүрген адамдар. Жұмыстың бұл түрінің пайда болу себебі: технологиялық прогресс себепші. Мыс: банкомат, компьютер.... т/б.

5. Технологиялық жұмыссыздық — адамдарды машинамен ауыстырудың нәтижесі, біліктілікті өзгертуді немесе басқа мамандықты игеруді талап етеді. Бұл түрге мысал ретінде қазіргі заман талабына сай салынған зауыттар мен фабрикалардағы адам күшін техника, автоматтандырылған роботтармен ауысуын жатқызамыз.

6. Циклдық жұмыссыздық — өндірістің құлдырауынан туындайды, яғни экономикалық циклдың осы фазасымен байланысты. Яғни, өндіріс орындары қысқарса, кәсіпорындар, фирмалар қысқарса, экономикалық дағдарыс жағдайында адамдардың жұмыссыз қалуын айтамыз. [3].

Аталған түрлерді нақтылап зерттеп шыққан АҚШ және батыс ғалымдары болды. Олардың пікірінше, өнеркәсібі дамыған елдердегі жұмыссыздықтың себептерін талдағанда, шетел авторлары олардың жекелеген түрлерін тудыратын нақты факторларын анықтады. Мысалы, АҚШ Конгресі экономикалық статистика бойынша комиссиясының жүргізген зерттеуі, жұмыссыздықтың 70 түрін атаған. Олардың әрқайсысының өзінің ерекше «себептері» бар. Экономистер барлық жұмыссыздықтың түрлерін негізінен екі топқа жіктеп қарайды[2].

Жұмыссыздықтың бірінші тобына — «жиынтық сұранымның жеткіліксіздігінен» туындауын жатқызады, алдыменен циклдық жұмыссыздықты айтамыз.

Жұмыссыздықтың екінші тобына — «жиынтық сұраныс өзгерісімен байланысты емес: фрикциондық, құрылымдық, технологиялық және басқа түрлерін» жатқызамыз.

Кез келген жұмыссыздықтың болуы — қоғам үшін ең ауыр экономикалық және әлеуметтік сілкініс. Батыс ғалымдарының пікірі бойынша, адамды жұмыссыз деп есептегенде, ол тек жұмыстан айырылып қана қоймай, өзінің абыройын да жоғалтады. Шетелде жұмыстан айырылуды психологиялық зақым ретінде бағалап, тек ең жақын туысқаны қайтыс болғанда алатын стресс деңгейінде қаралады[3].

Халықты жұмыспен қамту туралы Қазақстан Республикасының 2001 ж. 23 қаңтардағы № 149-П Заңы (2006.05.06. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) болған. Осы Заң халықты жұмыспен қамту саласындағы құқықтық экономикалық және ұйымдық қатынастарды реттейді.

Осы Заңда мынадай кейбір негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жұмыссыздық - экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың бір бөлігінің еңбек нарығында қажет болмай қалуына байланысты әлеуметтік-экономикалық құбылыс;

2) жұмыссыздар - өздеріне байланысты емес себептер бойынша табыс әкелетін еңбек қызметімен айналыспайтын, жұмыс іздеп жүрген және еңбек етуге әзір, еңбекке жарамды жастағы адамдар;

3) ұзаққа созылған жұмыссыздық - он екі және одан да көп айға созылған жұмыссыздық;

4) жұмыспен қамтылу - азаматтардың Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілеріне қайшы келмейтін жеке қажеттерін қанағаттандыруға байланысты және оларға табыс немесе кіріс әкелетін қызмет;

5) еңбек нарығы - экономикалық тұрғыдан белсенді халыққа сұраныс пен ұсынысты қалыптастыратын сала;

6) жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау - осы Заңда және өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіппен мемлекет жүзеге асыратын шаралар кешені;

7) әлеуметтік жұмыс орны - жұмыс беруші нысаналы топтардағы жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін жергілікті атқарушы органмен шарттық негізде құратын, жұмыс берушінің олардың еңбегіне ақы төлеу шығындары ішінара өтелетін жұмыс орны;

8) жұмысқа орналастыру - халықтың еңбекпен қамтылуын қамтамасыз етуге жәрдемдесуге бағытталған ұйымдастырушылық, экономикалық және құқықтық іс-шаралар кешені және т.б.

Қазақстан Республикасының жұмыспен қамту туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына [4] негізделеді, осы заңнан және өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

ҚР "Халықтың жұмыспен қамтылуы туралы" (1991 ж.) бірінші заңына сәйкес жұмыссыздардың бұрынғы жұмыс стажына, асыраудағы жандарына, жұмыстағы үзілістердің ұзақтығы мен өзге факторларға қарай жұмыссыздарға сараланған жәрдемақылар белгіленді [5]. Әлеуметтік қолдау көрсетудің анағұрлым жоғары деңгейі штаттың қысқаруына немесе кәсіпорындарды таратқан жағдайға байланысты жұмыстан босатылған қызметкерлерге кепілденді. Сондай-ақ мамандыққа оқыту мерзімінде жұмыссыздарға стипендиялар төлеу қарастырылды.

1999 жылы 1- қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының "Халықтың жұмыспен қамтылуы туралы" жаңа заңы күшіне енді, ол жұмыспен қамту саласында белсенді саясат жүргізуге, азаматтарды жұмыс іздеуге уәждеуге, халықтың ең осал санаттарына әлеуметтік қорғау көрсетуге бағдарланды. Осы заңға сәйкес жұмыссыздық бойынша жәрдемақы едәуір азайтылды және ол айлық есептік көрсеткіштің 3,5 еселік мөлшерінде есептеле бастады. Бұрын жұмыс істемегендерге төленетін жәрдемақы жойылды. Жұмыссыздарды кәсіптік даярлау (қайта даярлау) кезінде төленетін стипендиялар айлық есептік көрсеткіштің 3 еселік шамасында сақталды. Қазақстанда жұмыспен қамтудың белсенді саясаты мен еңбек нарығының жаңа парадигмасына көшудің амалсыздан және қаржылық пайымдардың мәжбүр етуінен болғанын атап кеткен жөн. Бюджет жағдайының одан әрі нашарлауы небәрі 3 ай өтпей жатып-ақ жаңа заңға түзетулер енгізуді талап етілді[5].

2016 жылғы қаңтарда жұмыссыздар саны, бағалау бойынша 459,2 мың адамды, жұмыссыздық деңгейі 5,0% құрады. Жұмыспен қамту органдарында 2015 жылғы қаңтар айының соңына 47,3 мың адам («Жұмыспен қамту 2020 жол картасы»бағдарламасына қатысатындар құрамына енгізілген тұлғалардың есебінсіз) ресми тіркелген. Тіркелген жұмыссыздар үлесі экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың 0,5%-ын құрады (2015 жылғы қаңтарда - 0,5%)», - делінген хабарламада.

Республика экономикасында 2016 жылғы қаңтарда бағалау бойынша 8,6 млн адам жұмыспен қамтылды. Сонымен, өткен жылғы сәйкес кезеңге қарағанда олардың саны 55,5 мың адамға немесе 0,6%-ға көбейді. Жалдамалы қызметкерлердің саны аталған кезеңде 6,0 млн адамды (жұмыспен қамтылғандардың жалпы санынан 70,0%) құрады.

Ведомство мәлімдегендей, 2015 жылғы IV тоқсан деректері бойынша өз бетінше жұмыспен қамтылғандардың жалпы санынан жұмыспен нәтижелі қамтылғандар үлесі 71,7%, жұмыспен нәтижесіз қамтылғандар - 28,3% құрады. [6].

Жұмыссыздық – бүкілдүниежүзілік проблемалардың бірі болып саналатындықтан, оны шешу жолдарының түрлі модельдеріне қол жеткізуіміз керек. Жұмыс қабілеті бар, бірақ жұмыс күшіне қосылмайтын жандар әдетте егделеу адамдар немесе жұмыстан жолы болмай жүрген адам екені аян. Осылайша жұмыссыз адамдар жұмыссыздық бірлестігін құрайды. Жұмыссыздық мөлшері жоғары болған сайын (жұмыссыз болу ұзаққа созылады) жұмыссыздық ұзақ уақытқа созылады және жұмыссыздық мөлшері неғұрлым жоғарыласа, жалақы мөлшері де соғұрлым төмендей береді.

Республика бойынша және оның жеке аймақтары бойынша да кедей адамдар да , жұмыссыздар да бар, бірақ, оларды одан әрі кедейлендірмеу үшін, олардың қоғамдық өмірден, қоғамның ішкі өмірінен шеткері қалмауы үшін оларға жұмыс істеп жүрген басқа адамадар есебінен көмек көрсету керек.

Біздің болашағымыз - жасөспірімдер. Жұмыссыз жасөспірімдердің көбі - жұмыс күші қатарына жаңадан келіп қосылғандар. Егер жастардың жұмыс іздеуге кеткен уақыты қысқартылған болса, онда олардың арасындағы жұмыссыздықты азайтуға болар еді. Жастарды мектеп бітіргеннен кейін жұмысқа орналастыратын қызмет немесе орталықтар құрылуға тиіс.

Жастардың жұмыс күші қатарына қосылып және одан шығуының бір себебі – сол жұмыс орны оларды қызықтырмайды. Жұмыс орнын жақсарту мәселесімен кейбір еуропалық елдер, әсіресе, Германия жастарды жұмыс орнына қызықтыру үшін техникалық тұрғыдан оқытуды қолға алып отыр. Жұмыссыздықты тереңірек болдырмау үшін, біздер белгілі бір шараларды қолдануымыз керек:

- Мемлекет жаңа жұмыс орындарын ашу керек.
- Жаңа жұмыс орындарын аша отырып, бірте-бірте жалақыны өсіру.
- Адамдарды қоғамдық жұмыстарға тартумен қатар, өз ісімен, өз кәсібімен шұғылдансам деген адамдарға шағын несие беріп, олардың өз кәсібін ашуына көмек жасауға көмек көрсету.

Шетелдік инвесторлар келген кезде, шетелдік мамандар мен жұмысскелер көбірек орын алып кетпейтіндей етіп, сол жаңадан ашылған жұмыс орындарына мамандығы мен білікті бар адмдарымызды жұмысқа орналастыра алатындай ішкі еңбек базарын құру қажеті де жоспарлануы қажет.

Сонымен, жұмыссыздық деңгейін төмендету шараларын асыруға қажетпіз. Біз Қазақстандағы әр отбасының кемінде бір мүшесін жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуі тисті және жұмысты жоқ халықты еңбек етуге ынталандыратын жаңа жұмыс орындарын құруымыз біздің міндеттімізге жатады. Біздің көзделіп отырған мақсаттар – жұмыспен қамтудың белсенді саясатын жүзеге асыру және негізінен еңбекке жарамсыз кедей азаматтарға, сондай-ақ, еңбек базарындағы жағдайы осал халыққа таулы көмек көрсету есебінен кедейліктің ауқымын қысқарту және жұмыссыздық деңгейін төмендету болып табылады.

Жұмыссыздықтың пайда болу себептері әр түрлі болып келеді. Соған орай елімізде көптеген бағдарламалар қабылданып, нәтижелі көрініс табуда.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <https://infourok.ru/zhmissizdi-mselesin-zertteu-zhne-sheshu-zholdari-715157.html>
2. <http://bigox.kz/zhumyssyzdykty-n-pajda-boluy-men-sebepteri/>
3. <http://ansya.ru/health/-jaandanu-lemindegi-adamni-densauli-psihologiyasi-tairibindai>
4. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
5. ҚР "Халықтың жұмыспен қамтылуы туралы" Заңы 1991 ж
6. Қазақстан Республикасының "Халықтың жұмыспен қамтылуы туралы" жаңа заңы 1999 жыл 1 қаңтар

УДК 316.2

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАСТАР САЯСАТЫНЫҢ ДАМУЫ

Дүйсенбай Жансая

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Әлеуметтік жұмыс» мамандығы 2 курс студенті
Ғылыми жетекшісі – Капин Б.

Біздің болашағымыздың басты тірегі жастар екені сөзсіз. Жастардың әл-ауқатын дамыту әр мемлекеттің басты міндеті. Қазақ қоғамындағы жастардың орны орасан зор. Болашақтың иесі болған жастар- мемлекеттің мызғымас тірегі. Қазіргі кезеңде Қазақстандық жастар- келешегіміздің негізі ретінде өз білімімен, жасампаз еңбегімен және күш-жігерімен өз болашағын құрудың жаңа мүмкіндіктерін алуда.

Жастар ХХІ ғасырда Жаңа Қазақстанды дамыған, бәсекеге қабілетті және әлемдегі ықпалды мемлекет ретінде қалыптастыруға ат салысуда. Жастар мәселесіне қазір мемлекет тарапынан да, қоғам тарапынан да аса мән берілуде. Қазіргі Қазақстанның жастар саясаты әлі де болса өзінің қалыптасу кезеңінде келеді, бірақ бұл үрдістің нәтижелері бойынша: ұзақ мерзімді, көп кезеңді болашақтағы жастар саясатының негізі қалануда. Қазақ қоғамындағы жастар, әлеуметтік- демографиялық құрылымының айрықша тобына ие [1].

БҰҰ Мыңжылдық даму бағдарламасында негізгі шешуші мәселе ретінде – жастардың қалыпты өмір сүруі, денсаулығы, тиімді еңбек етуі секілді мәселелер қозғалды. Демографиялық көрсеткіші бойынша, елімізде жастардың жалпы саны 4 483 285 адам, оның 2 238 036-і қыз бала, 2 245 249-і ер бала. Ал, 29- жасқа дейінгі жас адамдар Республикада жастар халықтың 30 пайызын құрайды. Жастар саясаты туралы заң бойынша жастар 14-29 жас аралығын қамтиды. Жастар саясатына берілген анықтамада көрсетілгендей мемлекет жүзеге асыратын және жастарды қолдауға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, саяси, ұйымдастырушылық және құқықтық шаралар жүйесі қызметінің аясы барысында базалық қалыптасу кезеңін шыңдайды [2].

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Кез-келген ел өз келешегін болашақ ұрпағымен байланыстырады», -деген болатын. Сондықтан жастар қоғамның бір бөлігі ретінде мемлекетте маңызды рөл атқарады. Бүгінгі таңда Елбасының қолдауымен мемлекеттік жастар саясаты концепциясы бекітіліп, барлық облыстарда жастар саясаты бағдарламасы қабылданып, үкіметте және жергілікті басқару органдарының ішінен жастар ісі бөлімі ашылып, жұмыс істеуде. Стратегиялық бағдарламаларда негізінен қоғамның белсенді тобымен яғни, жастармен жүргізілетін жұмыс шаралары бекітілді. Ұлттық партия тарапынан «Жастар канатын құру» туралы Президент Н.Ә.Назарбаевтың ұсынысымен жастарға деген қамқорлық пен сенім білдіру бағыттары жүзеге аса бастады [3].

2011 жылдан бастап «Қазақстан жас депутаттарының қауымдастығы», және Республика көлемінде, бүкіл өңірлерде «Жастар» мәслихаттары жұмыс істейді. Мысалы, «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдерге арналған жаңа ұйымдар өз жұмыстарын бастады, ал осы шаралардың негізгі міндеті патриоттық сананы дамыта отырып, елге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру болды. Қазіргі уақытта әлеуметтік-экономикалық жағдайларды жақсартуда, болашақ ұрпақтың қалыптасуы мен жан-жақты дамуында тек арнайы жастардың бағдарламалары ғана емес, сонымен қатар, елімізде іске асырылып жатқан саяси бағыттағы бағдарламаларда қоғам дамуына өз үлестерін қосуда. Мысалы, білім беруді, денсаулық сақтауды, тілдерді дамытуды, үдемелі индустриялы-инновациялық жүйелерді дамыту бойынша ауқымды мемлекеттік бағдарламалар жұмыс атқаруда. Соған сәйкес, мемлекеттік басқару органдарынан рұқсат етілген бірнеше